



Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды шетелдіктерге асырап алуға беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 12 қарашадағы N 1197 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 380 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.30 № 380 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 209-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды шетелдіктерге асырап алуға беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2002 жылғы 12 қарашадағы
N 1197 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды шетелдіктерге асырап алуға беру ЕРЕЖЕСІ

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды шетелдіктерге асырап алуға беру тәртібін белгілейді. Асырап алуға рұқсат кәметке толмаған балаларға қатысты және солардың мүдделері үшін ғана беріледі.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, егер оларды Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына тәрбиелеуге не туысқандарына, осы туысқандарының азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан, асырап алуға беруге мүмкіндік болмаса, шетелдіктерге асырап алуға берілуі мүмкін.

3. Балалар шетелдіктерге асырап алуға олар орталықтандырылған есепке алынған күннен бастап үш ай өткен соң ғана берілуі мүмкін.

4. Бала асырап алу тәртібі "Неке және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Бала асырап алу процесіне бала асырап алғысы келетін шетелдіктердің өздерінің міндетті қатысуы оларды құқықтары мен міндеттері азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген өз өкілінің де қатар болуы, сондай-ақ қажетті жағдайларда аудармашы қызметін пайдалану құқығынан айырмайды.

6. Бала асырап алуға үміткер шетелдіктер Қазақстан Республикасының кіру рұқсатнамалары болған ретте Қазақстан Республикасына келе алады. Кіру рұқсатнамаларын немесе соларға сәйкес басқа да құжаттарды Қазақстан Республикасының дипломатиялық және консулдық өкілдіктері немесе жекелеген жағдайларда Қазақстан Республикасының осыған арнайы уәкілетті өкілдері б е р е д і .

Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, қабылдаушы тараптың шақыруы және Қазақстан Республикасының осыған уәкілетті органдарының рұқсаты рұқсатнамалар беру үшін негіз болып табылады.

7. Бала асырап алуға үміткер шетелдіктер асырап алынатын баланың құжаттарымен өзі танысуға, бала денсаулығының жай-күйі туралы медициналық қорытындымен танысқаны фактісін жазбаша нысанда растауға міндетті.

8. Бала асырап алуға үміткер шетелдіктердің бала туралы егжей-тегжейлі ақпарат және оның туыстарының бар-жоғы туралы мәліметтер алуға құқығы бар.

9. Бала асырап алуға үміткер шетелдіктер бала тұрақты тұратын жерде тиісті тәрбие, емдеу-алдын алу мекемесінің ережесіне сәйкес режим талаптарын сақтай отырып, қорғаншылық және қамқоршылық органы өкілінің және қажет болған жағдайда аудармашының қатысуымен баламен тікелей қарым-қатынаста (баламен жеке танысу, оның дағдыларын, талғамын, мінезі ерекшеліктерін білу, қыдырту, ойнату) кемінде екі апта болуға міндетті.

10. Асырап алуға жататын бала анықталғаннан кейін қорғаншылық және қамқоршылық органы білім беру саласындағы орталық атқарушы органға осы баланың орталықтандырылған есепке алуда бар екендігі фактісін растау үшін сұрау салу жібереді.

11. Бала асырап алуға үміткер шетелдіктер асырап алуға жататын бала орналасқан аумақтағы қорғаншылық және қамқоршылық органына мынадай

құжаттарды ұсынады: бала асырап алу ниеті туралы жазбаша өтініш, шетелдік агенттіктер берген ықтимал ата-аналардың қаржылық әл-ауқаты, отбасылық жағдайы, денсаулық жай-күйі, жеке адамгершілік қасиеттері туралы анықтама.

12. Асырап алынатын бала тұрақты тұратын (орналасқан) жердегі қорғаншылық және қамқоршылық органы бұл бала мен асырап алуға үміткер шетелдіктің өзара қарым-қатынаста болған фактісі туралы мәліметтерді көрсете отырып, асырап алудың негізділігі және оның асырап алынатын бала мүдделеріне сәйкестігі туралы қорытындыны сотқа ұсынады.

13. Шетелдіктердің балаларды асырап олардың өтініші негізінде балалар мекемесі орналасқан жердегі сот шешімімен жүргізіледі.

14. Баланы асырап алу туралы істі сот асырап алушылардың өздерінің, қорғаншылық және қамқоршылық органы өкілдерінің, сондай-ақ прокурордың міндетті қатысуымен қарайды.

15. Баланы асырап алу азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу үшін белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуі тиіс.

16. Бала асырап алушының және асырап алынушы баланың құқықтары мен міндеттері баланы асырауға беру туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап туындайды.

17. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары асырап алынған баланы асырап алушы төлқұжатын және сот шешімін ұсынуы бойынша береді.

18. Асырауға берілген балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында олардың өмірі мен тәрбиеленуі жағдайын бақылауды Қазақстан Республикасының елшіліктері немесе консулдық мекемелері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

19. Асырап алуға берілген бала кәмелетке толғанға дейін асырап алған ата-анасы оның өмірі, тәрбиесі және денсаулық жай-күйі туралы баланың бұрынғы тұрған жеріндегі қорғаншылық және қамқоршылық органдарына жыл сайын фотосуретін қосып, ақпарат жіберіп отырады.

20. Егер асырап алу нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген құқықтары бұзылса, асырап алудың күші сот тәртібімен жоюға жатады. Асырап алуды заңсыз деп тану туралы талапты, асырап алынған баланың ата-анасы, асырап алу арқылы құқықтары бұзылған адамдар, прокурор, қорғаншылық және қамқоршылық органы қоюға құқылы.